# Ре-Эпитол

## ИНСТРУКЦИЯ ПО МЕДИЦИНСКОМУ ПРИМЕНЕНИЮ ИЗДЕЛИЯ МЕДИЦИНСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ

**Название изделия медицинского назначения**
Ре-Эпитол, мазь на основе смолы, для наружного применения, 30 г

**Состав и описание изделия**
Мазь на основе смолы
30 г мази на основе смолы содержат:
*активное вещество* - рафинированная смола ели европейской (Picea abies) 176,4 мг (15% от веса),
*вспомогательные вещества*: вазелин, парафин жидкий, денатный спирт, сера микрокристаллическая, сорбитана олеат, сера белая, гидрогенизированное касторовое масло, стеариновая кислота.

**Область применения**
Применяется для облегчения заживления инфицированных и неинфицированных, острых и хронических повреждений кожи: ссадин, трещин, ожоговых ран, трофических и диабетических язв, осложненных хирургических ран и вскрытых волдырей.

**Механизм действия**
Эффективность очищения раны мазью Ре-Эпитол основана на биологическом действии соединений, содержащихся в натуральной необработанной смоле ели европейской (Picea abies). Мазь Ре-Эпитол применяется для местного лечения инфицированных и неинфицированных ран в медицинском учреждении и в домашних условиях.

**Способ применения**
Предварительно ссадины, повреждения кожи или раны необходимо промыть водой и высушить. Ре-Эпитол наносится непосредственно на пораженный участок кожи 1-2 раза в день. При необходимости, пораженный участок можно прикрыть марлей или дышащей повязкой. Медсестра/врач обрабатывают поверхность ран и вскрытых волдырей в соответствии с действующими рекомендациями. Ре-Эпитол образует на поверхности раны противомикробную пленку, которая защищает ее от загрязнения и способствует быстрому и эффективному заживлению.

**Лекарственные взаимодействия**
Клинически значимых взаимодействий не отмечалось.

**Побочные действия (воздействие, индивидуальная непереносимость)** Возможно развитие побочных эффектов, включая аллергическую реакцию на компоненты смолы. Симптомом аллергической реакции является местное раздражение кожи в области нанесения (аллергический контактный дерматит).

**Противопоказания для применения**
Повышенная чувствительность к компонентам изделия

**Меры предосторожности (безопасности)**
Следует избегать попадания мази в глаза или в рот. Если у вас имеются сомнения, проконсультируйтесь с лечащим врачом или фармацевтом.

*Беременность и лактация*
Не следует применять Ре-Эпитол в период беременности и кормления грудью в связи с отсутствием информации о возможных побочных эффектах во время беременности и грудного вскармливания.

**Особые указания**
Приблизительно 1-3% населения страдают аллергией на смолу. Если появились симптомы аллергии, применение мази необходимо прекратить и сообщить производителю/его представителю обо всех выявленных побочных эффектах, взаимодействиях и т. д.
Если чувствительность к смолам неизвестна, Ре-Эпитол необходимо предварительно протестировать на небольшом участке кожи. Если в течение 3 дней появляются симптомы аллергии (зуд, эритема, отеки, волдыри и т. д.), Ре-Эпитол применять нельзя. Если симптомы аллергии проявляются позже, в период лечения, необходимо немедленно прекратить применение Ре-Эпитол и обратиться к лечащему врачу.

*Влияние на способность управления транспортными средствами и работы с техникой*: не влияет.

**Форма выпуска и упаковка**
По 30 г препарата помещают в алюминиевую или полиэтилен/алюминий/полиэтиленовую тубу с винтовым колпачком. По 1 тубе вместе с инструкцией по медицинскому применению на казахском и русском языках помещают в пачку из картона.

**Условия хранения**
Хранить при температуре не выше 25 ºС
В открытом состоянии, мазь стабильна при комнатной температуре в течение одного года. Хранить в недоступном для детей месте!

**Срок хранения**
5 лет
Не применять после истечения срока годности.

**Условия отпуска из аптек**
Без рецепта

**Организация-производитель**
VEGAPHARM LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road, Greenwich Centre Business Park, Лондон, Великобритания, SE10 9QF,
тел.: +44-203-598-2050
Email: info@vegapharm.com

**Производственная площадка**
HELP S.A.,
Pedini Ioanninon, Ioannina 455000, Греция,
Тел. +302102815353,
Эл. Почта: info@help.com

**Уполномоченный представитель производителя**
ТОО «CEPHEUS Medical» (ЦЕФЕЙ Медикал),
050045, Республика Казахстан, г. Алматы,
Проспект Аль-Фараби, дом 7, ЖК «НурлыТау», блок 5А,
офис 247,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (круглосуточно),
электронная почта: drugsafety@evolet.co.uk

**Наименование и адрес организации, принимающей на территории Республики Казахстан претензии (предложения) по изделиям медицинского назначения от потребителей:**
ТОО «CEPHEUS Medical» (ЦЕФЕЙ Медикал),
050045, Республика Казахстан, г. Алматы, Проспект Аль-Фараби, дом 7, ЖК «НурлыТау», блок 5А, офис 247,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (круглосуточно),
электронная почта: drugsafety@evolet.co.uk

Vegapharm

- Организация-производитель
- Пожалуйста, ознакомьтесь с инструкцией
- Использовать до (срок действия)
- LOT Серия
- 25°C 2°C Ограничение температуры

# Ре-Эпитол

## МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ БҰЙЫМДЫ МЕДИЦИНАДА ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

**Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы**
Ре-Эпитол, шайыр негізіндегі жақпамай, сыртқа қолдануға арналған, 30 г

**Бұйымның құрамы мен сипаттамасы**
Шайыр негізіндегі жақпамай
Шайыр негізіндегі 30 г жақпамайдың құрамында:
*белсенді зат* - еуропалық шыршаның тазартылған шайыры (Picea abies) 176,4 мг (салмақтың 15%),
*қосымша заттар*: вазелин, сұйық парафин, денат спирті, микрокристалды күкірт, сорбитан олеаты, ақ күкірт, гидрогенделген майсана майы, стеарин қышқылы.

**Қолданылу саласы**
Терінің инфекция жұқтырған және инфекция жұқтырмаған, жедел және созылмалы зақымдануларының жазылуын жеңілдету үшін қолданылады: сыдырулар, сызаттар, күйік жаралары, трофикалық және диабеттік ойық жаралар, асқынған хирургиялық жаралар және ашық күлдіреуіктер.

**Әсер ету механизмі**
Ре-Эпитол жақпамайымен жараны тазартудың тиімділігі еуропалық шыршаның (Picea abies) табиғи өңделмеген шайырындағы қосылыстардың биологиялық әсеріне негізделген. Ре-Эпитол жақпамайы медициналық мекемеде және үйде инфекция жұқтырған және инфекция жұқтырмаған жараларды жергілікті емдеу үшін қолданылады.

**Қолдану тәсілі**
Алдын ала сыдыруларды, терінің зақымдануы немесе жараларды сумен жуып, құрғату керек. Ре-Эпитол терінің тікелей зақымдалған аумағына күніне 1-2 рет қолданылады. Қажет болса, зақымдалған аймақты дәке немесе ауа өткізетін таңғышпен жабуға болады. Медбике / дәрігер қолданыстағы ұсыныстарға сәйкес жаралар мен ашылған күлдіреуіктердің бетін өңдейді. Ре-Эпитол жараның беткейінде микробқа қарсы үлбір түзеді, ол оны ластанудан қорғайды және тез және тиімді жазылуға ықпал етеді.

**Дәрілермен өзара әрекеттесуі**
Клиникалық маңызды өзара әрекеттесулер байқалмады.

**Жағымсыз әсерлері (әсер ету, жекелей жақпаушылық)** Шайыр компоненттеріне аллергиялық реакцияны қоса, жағымсыз әсерлер дамуы мүмкін. Аллергиялық реакцияның симптомы - бұл қолдану аймағындағы терінің жергілікті тітіркенуі (аллергиялық жанаспалы дерматит).

**Қолдануға болмайтын жағдайлар**
Бұйым компоненттеріне жоғары сезімталдық

**Сақтық (қауіпсіздік) шаралары**
Жақпамайдың көзге немесе ауызға түсуін болдырмау керек. Егер күмәніңіз болса, емдеуші дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

*Жүктілік және лактация*
Жүктілік және бала емізу кезеңінде ықтималды жағымсыз әсерлер туралы ақпараттың болмауына байланысты Ре-Эпитолды жүктілік және бала емізу кезінде қолдануға болмайды.

**Айрықша нұсқаулар**
Халықтың шамамен 1-3%-ы шайырға аллергиядан зардап шегеді. Егер аллергия симптомдары пайда болса, жақпамайды қолдануды тоқтатып, өндірушіге/оның өкіліне барлық анықталған жағымсыз әсерлер, өзара әрекеттесулер және т. б. туралы хабарлау керек.
Егер шайырларға сезімталдық белгісіз болса, Ре-Эпитолды алдымен терінің шағын аймағына тестілеу керек. Егер 3 күн ішінде аллергия симптомдары пайда болса (қышыну, эритема, ісіну, күлдіреуіктер және т.б.), Ре-Эпитолды қолдануға болмайды. Егер аллергия симптомдары кейінірек, емдеу кезінде пайда болса, Ре-Эпитолды қолдануды дереу тоқтатып, емдеуші дәрігермен кеңесу керек.

*Көлік құралдарын басқару және техникамен жұмыс істеу қабілетіне әсер етуі*: әсер етпейді.

**Шығарылу түрі және қаптамасы**
30 г препараттан бұрандалы қақпағы бар алюминий немесе полиэтилен/алюминий/полиэтилен сықпаға салынған. 1 сықпадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

**Сақтау шарттары**
25 ºС-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Ашық күйде жақпамай бөлме температурасында бір жыл бойы тұрақты болады. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

**Сақтау мерзімі**
5 жыл
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**Дәріханалардан босатылу шарттары**
Рецептісіз

**Өндіруші ұйым**
VEGAPHARM LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road, Greenwich Centre Business Park, Лондон, Ұлыбритания, SE10 9QF,
тел.: +44-203-598-2050
Email: info@vegapharm.com

**Өндірістік алаң**
HELP S. A.,
Pedini Ioanninon, Ioannina 455000, Греция,
Тел. +302102815353,
Эл. Пошта: info@help.com

**Өндірушінің уәкілетті өкілі**
«CEPHEUS Medical» (ЦЕФЕЙ Медикал) ЖШС,
050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7 үй,
«НұрлыТау» ТК, 5А блок, 247 кеңсе,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
электрондық пошта: drugsafety@evolet.co.uk

**Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық мақсаттағы бұйымдар бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және мекенжайы:**
«CEPHEUS Medical» (ЦЕФЕЙ Медикал) ЖШС, 050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7 үй, «НұрлыТау» ТК, 5А блок, 247 кеңсе,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
электрондық пошта: drugsafety@evolet.co.uk

Vegapharm

- Өндіруші ұйым
- Өтінемін, нұсқаулықпен танысыңыз
- ...дейін пайдалану керек (жарамдылық мерзімі)
- LOT Сериясы
- 25°C 2°C Температураны шектеу